

## **ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Рымбекова А.Д.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Қытай филологиясы кафедрасының оқытушысы, магистр

Бүгінгі кезде қазақ тілі ең бай тіл, қазақ тілі туралы деректер бойынша бұл тілде 16 миллион адам сөлейді, оның 1,8 миллионы өзге ұлт өкілдері: түрік, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, қырғыз, татар, орыс ұйғыр. Біздің тіл көптеген мамандардың пікірінше диалектісі жоқ тілдердің бірі саналады. Ал бірнеше диалектісі бар қытай тілін қазақ тілімен салыстыра зерттеу бүгінгі күнде күн тәртібіне қойылды.

Қытай мемлекеті біздің елмен арадағы тату көршілік және экономиялық, дипломатиялы, саяси, мәдени өзара тиімді байланыстарды дамытуға мән беріп отырғанда екі тілді мамандар дайындау қажеттілігі туатыны сөзсіз. Сол себепті қытайтанушы, дипломат, экономист, екі тілді еркін меңгерген аудармашылар, қос тілді мұғалімдер дайындау мәселесін шешу үшін қытай тілі мен қазақ тілін зерттеу өте қажет. Тілдерді зерттеу барысында олардың бір-бірінен ұқсастық немесе айырмашылықтарын анықтауға, тілдің ұлттық қасиеттерін тереңірек түсінуге болады.

Елімізде қытай тілін оқытуда қытай тілінің өзіне ғана тән грамматикалық ерекшеліктерін қазақ тілімен салыстыра оқытудың маңызы зор. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында қытай тілі негізгі мамандық ретінде, екінші мамандық ретінде де оқытылып жатыр. Алайда, қытай тілін оқыту әдістемесі туралы оқу құралдары не екі тілдің сөздік құралдары жоқтың қасы.

Енді төменде өытай тілін қазақ тілімен салыстыру арқылы қытай тілінің басты грамматикалық ерекшеліктеріне қысқаша тоқталайық.

### **Синтаксистік ерекшеліктер**

Қытай тілінде грамматикалық мағыналарды білдіретін басты тәсілдер көмекші сөздер мен сөздердің орын тәртібі болып табылады. Сөздердің орын тәртібі ауысса, сөйлемнің білдіретін мағыналары да ауысады. Мысалы, **他爱我** - ол мені жақсы көреді деген сөйлемнің құрамындағы **他** (ол) - бастауыш, ал **我爱他** - мен оны жақсы көремді деген сөйлемнің құрамындағы **他** (ол) - толықтауыш мүше болып тұр.

Сөз түрлендіруші формалары басқа тілдермен салыстырғанда, қытай тілінде сөздердің бір-бірімен тіркесуі өте еркін, сол себепті сөз тіркесінің модельдері де көп.

Қытай тілі сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға көмекші болатын септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары да жоқ. Бірақ сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер бір-бірімен тіркесе бермейді, өзара мағыналық мағыналық байланыста айтыла алатын сөздер ғана белгілі бір сөз тіркесінің құрамында айтыла алады.

Қазақ тілінде сөйлем мен сөз тіркестердің құрылымында көптеген айырмашылықтар бар, ал қытай тілінде сөйлем мен сөз тіркестердің құрылымы негізінен ұқсас болып келеді. Егер біз сөз тіркестердің құрылысы мен қызметтерін толық сипаттасақ, онда сөйлемнің құрылымдық заңдылықтарын білуге болады. Мәселен,

**他听** - ол естиді

**身体好** - денсаулығы жақсы

**我们好** - біз жақсымыз

Жоғарыда көрсетілген сөйлемдерің құрылымы ұқсас, барлығы бастауыштық-баяндауыштық құрылым.

Қытай тілінің грамматикасындағы қиындықтардың бірі - бастауыш пен баяндауышты сөз тіркесі. Яғни, бастауыш пен баяндауышты байланыстыратын жалғаулар жоқ, олар тек орын тәртібіне бағынады:

**经济发达** - экономиясы дамыған

**学生说**-студент айтатады

**他们看** - олар көреді

Жоғарыда айтылған бірінші сөз тіркесі зат есім – зат есім болып құралған тіркестер, ал қалған тіркестер зат есім - етістік болып құралған тіркестер.

Қазақ тілінде толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестер көсемше мен етістік типті тіркеске сәйкес келеді. Оған мысал,

吃完 - жеп болу

说起来 - айтқанда

笑了起来 - күліп жіберді.

Қазақ тілінде сөйлем мүшелері – бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш болса, қытай тілінде дәл солай сәл өзгешелік тағы толықтырғыш деген сөйлем мүшесі болады. Қытай тіліндегі толықтырғыш пен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестердің сөз түрлендіруші формалары өте аз. Қытай тіліндегі толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркестердің басым көпшілігі қазақ тіліндегі пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерімен сәйкес келеді:

来自阿拉木图 – Алматыдан келді

买了一斤 - жарты килограм алды

说得对 - дұрыс айтты.

### **Морфологиялық ерекшеліктер**

Қытай тілінде морфемалар түбір морфемалар болып және жұрнақтардың саны өте аз болып келеді. Зат есімдер мекендік және мезгілдік зат есімдер деген ерекше түрлері бар. Мекендік зат есімдер қазақ тілінде көмекші есімдермен, ал және мезгілдік зат есімдер мезгіл үстеумен сәйкес.

Қытай тілінде шақ категориясы болмайды. Шақтық мағыналар мезгілдік мәнді білдіретін сөздер, предлогты құрылым арқылы білдіріледі. Қытай тіліндегі 着/了/过 сөздерін шақтық мағына білдіретін грамматикалық тұлға ретінде қарастыруға болмайды: 阿丽亚, 谁教了你? – Әлия, саған бұны кім үйретті? Сөйлем қимыл, іс-әрекеттің өткен уақытта болғанын білдіреді, бірақ кейде керісінше: 我下了课就去找你 - сабақтан кейін саған барамын.

Зат есімнің тәуелдік, жіктік және септік жалғаулары жоқ. Көптік жалғау біреу ғана, қолдану тәсілі де өзгеше. Субъектіге қатысты зат есімдердің соңынан 们 –ді жалғаймыз, ал затты білдіретін зат есімдердің соңына 们 –ді жалғаймыз:

老师们 - мұғалімдер деп айтуға болады, ал 书们 деп айтуға болмайды.

Етістіктер жақ, шақ формаларының өзгеруіне қарай түрленіп отырмайды:

我们学习英语 – Біз ағылшын тілін үйренеміз

你们学习英语 – Сендер ағылшын тілін үйренесіңдер

他们学习英语 – Олар ағылшын тілін үйренеді. Мұндағы етістік сөзі ешқашан өзгермейді, түрленбейді.

Қытай тілінде кейбір сөздерге күшейткіш мағына беруге болады, мысалы қос буынды етістіктер ААВВ немесе АВАВ үлгісімен қосарланады:

高兴: 高高兴兴 (形) 高兴高兴 (动)

快乐: 快快乐乐 (形) 快乐快乐 (动)

热闹: 热热闹闹 (形) 热闹热闹 (动)

痛快; 痛痛快快 (形) 痛快痛快 (动)

轻松: 轻轻松松 (形) 轻松轻松 (动)

Қытай тілінде мөлшер сөздер өте көп. Олар жеке сөз табы да бола алады. Сан есімдер зат есім, етістіктермен тіркескенде оның соңынан мөлшер сөздер жалғанады:

一件事 – бір іс

一位老师 – бір мұғалім

说一遍 – бір рет айту

去一次 – бір рет бару

Қазақ тілінде нумеративті сөздер жеке сөз табы ретінде қарастырылмайды, олар сан есімдер мен зат есімдер жалғайлықсыз қатар тұру арқылы байланыса береді.

Екі тілді салыстыра зерттеу студенттер үшін ең маңызды нарсе болып табылады. Салыстырудың арқасында қиын грамматикалық құбылыстарды игеруге болады.

1. Горелов В.И. Теоретическая грамматика современного китайского языка.-М., 1989.
2. Балақайев М.,Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. – Алматы, 1971.
3. 王红著. 对外汉语教学语法释疑201例. – 北京, 2004.
4. Қалибекұлы Т.Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. - Алматы, 2004.

В данной статье рассматриваются синтаксические и морфологические особенности в изучение грамматики китайского языка.

This article considers syntactical and morphological features in studying Chinese language grammar.